

Депутатпен кездесу өтті

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Евгений Козлов жұмыс сапарымен Қостанай облыстық сотында болды.

Қостанай облыстық сотында судьялар мен сот мамандарының Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Евгений Козловпен кездесуі өтті. Евгений Александрович Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі. Сондықтан депутат жұмыс сапарына сай облыстағы стратегиялық нысандарға барумен қатар сотқа да келді.

Облыстық сот төрағасы Асламбек Мерғалиев атап өткендей, Евгений Александрович жиырма жылдан астам уақыт судья болған, оның сегіз жылында Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы болып қызмет атқарған. Яғни, ол сот жүйесінің жұмыс астарын жақсы біледі. Сот төрағасы облыс соттарының жұмыс бағытына тоқталып, бітімгершілікке келтіру рәсімдері санының артқандығы, электрондық технологияларды қолдану, халықтың сотқа деген сенімін арттыру үшін сот талқылауының барынша ашықтығын қамтамасыз ету жұмыстары жайлы қысқаша баяндады.

Кездеу барысында депутат Евгений Козлов өзі судья болып еңбек еткен 20 жыл ішінде құқықтық қолдану тәжірибесімен, бүгінде заң шығарушылықпен айналысып жүргенін айтты. «Мен өз тәжірибем арқылы жақсы заң шығару үлкен еңбек екенін сезіндім», - дейді депутат.

Бұған қоса, Евгений Александрович қазір Парламент қарауындағы заң бабалары туралы айтты. Мәселен, оның айтуынша, 2018 жылы Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы заң қолданысқа енеді. Аталған заңға сәйкес, 16 жасқа толған азамат жеке куәлік алу кезінде саусақ іздерін тапсыратын болады. Ал жеке куәліктерінің пайдалану мерзімі 2025 немесе 2029 жылға дейін жарамды азаматтарға құжаттарын ауыстырудың қажеті жоқ. Сонымен қатар, депутат елімізде жәбірленушілерге өтемақы төлейтін қор құрылатындығы туралы айтты. Қор сотталушылардан жәбірленушілер пайдасына өндірілген қаражатпен толығымен деп күтілуде.

Сот жүйесі туралы сөз қозғаған депутат судьялыққа үміткерлердің жас мөлшерін ұлғайту талабына тоқталды. «Отыз жас - бұл судья болам деген азаматтың қалыптасып, қандайда бір деңгейде білім алған кезеңі», - деді Е.Козлов. Сонымен қатар, ол ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап өмір бойы қамтамасыз етілетін отставкадағы судьялардың оқытушылықпен айналысуына рұқсат берілгеніне тоқталды.

Депутат әкімшілік соттар ұсақ құқық бұзушылықтар бойынша істерді қараумен емес, азамат пен мемлекет арасындағы дауларды шешуі керек деген ойын ортаға салды.

Кездесу соңында сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Евгений Александровичке алғысын білдірді.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Татарстан Президенті қолынан автокөлік кілтін алды

Ж а қ ы н д а Қостанай қаласында татар ұлтының өкілдері «Сабантой» мейрамын атап өтті. Қазақстанда осымен 13-рет думандатылып о т ы р ғ а н р е с п у б л и к а л ы қ ш а р а ғ а Татарстан президенті Рустам Минниханов бастаған арнайы делегация келді.



Еліміздің түкпір-түкпірінен келіп қатысқан татарлар да орта толтырды. Аталмыш мейрам Тобыл өзені бойындағы кеше ғана Ел Тәуелсіздігінің құрметіне ашылған «Тәуелсіздік» жағалауында өтті.

Еңбектің берекесін, берекенің мерекесін кіргізген ұлан асыр думанды тойда қарапайым халық спорттың бірнеше түрінен өзара жарысқа түсті.

«Той десе қу бас домалайды» дегендей аталмыш тойға Қостанай халқының тай тұяғы қалмай үлкенді - кішілі барлығы бас көрсетті.

Сабантойда «бағанға өрмелеу», «бағанмен жерге құламай жүріп өту», «арқан тартыс», татардың ұлттық спорты «белбеу курашы» түрлерінен қызықты ойындар өтті. Әр ойын өз деңгейінде тойдың әрін келтіре білді. Енді осы мерекелік мейрамда көпшіліктің қызығын тудырып, ұзақ мерзімде есте қалатын спорт түрі ол «белбеу курашы» еді.

Осы екі күнге созылған сабантойдағы татардың ұлттық спорты «белбеу

курашына» біздің де оқу орнымыздың қызметкері Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай а к а д е м и я с ы н ы ң о қ ы т у ш ы с ы , академиямыздың маңдай алды мақтанышына айналған жаста болса, кейінгі ұрпаққа үлгі бола білген, Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң с а м б о күресінен спорт шебері, бірнеше дүркін «Қазақ барысы» күресінің қатысушысы, полиция майоры Ержан Қабидуллин қатысты. Ендігі сөзімізді осы «белбеу курашына» бұрғым келеді.

«Белбеу курашы» басталады деп, жүргізуші хабарлаған сәтте, бозкілем қасына той қарап жүрген көрермен лезде жиналды. Халық саны көбейген сәтте, жүргізуші күрестің басталатынын оған қанша балуан қатысып отырғанын құлағдар етті. Бұл жолы «Белбеу курашына» Татар Президенті Рустам Минниханов өз атынан бас жүлдеге «Лада гранта» автокөлігін тігіп, балуандар мен көрермендердің

делебесін қоздырып, қызықтырып қойды.

Аталмыш спорт түріне орыс, татар, қазақ және басқа да ұлт өкілдерінің 23 балуаны қатысып, бақ сынасты.

2-3 сағатқа созылған жарыс соңында «мен-мен» деген мықты балуандар қалып, бас жүлдеге тігілген «Лада гранта» автокөлігін сыңға салды.

Ақтың сында бақ сынаған әріптесіміз Ержан Кабидуллин РФ еңбек сіңірген спорт шебері, Татар халқының Ұлттық «Белбеу курашынан» 3 дүркін чемпионы Ильфир Анваров балуанмен белдесіп, 1 минутқа жетер-жетпес уақытта әдемі айла-тәсіл жасап, ресей балуанының жауырынын жер қаптырды. Осы сәтті тағатсыздана күткен көрермендер Ержанға ризашылықтарын ұзауақыт қол шапалақтауларымен білдірді. Міне, осылай көптің арасынан бағы жанған әріптесіміз Татарстан Президентінің атынан тігілген автокөлікті қанжығасына байлады. Бізде осы орайда

Ержанды шын жүректен жеңісімен және бас жүлде автокөлігімен құттықтай отырып, сөзге тартқан едік.

- Ержан бауырым, бүгінгі жүлдең және жеңісің құтты болсын. Көңіл күйің және жарыс туралы не айтар едіңіз?

- Көңіл-күй өте керемет. Жарысқа қатысу үшін көп дайындалдым. Өйткені өзгенің тойында жеңіліп қалсам ұят қой... Бұл сабантой туралы ертеден білемін. Сабантойдағы «белбеу курашына» бірнеше жылдан бері қалмай қатысып келемін. Жасыратыны жоқ, 4 жыл қатарынан қатысып, жылда бас жүлде қой ұтып алатынмын. Бірақ ол жарыстар тек облыс деңгейінде ғана ұйымдастырылатын. Ал бүгінгі той республикалық деңгейде ұйымдастырылып отырған, облыс әкімі және Татарстан Президенті қатысып отыр. Және де Татар елінің басшысы Рустам Минниханов мәрттік танытып, өз атынан автокөлік қойды. Міне, сол жүлдені менің ұтып алғаным өзім үшін де, намысын қорғаған халқым үшін де сөз жоқ, қуаныш деп санаймын. Менің бүгінгі қарсыластарым осал емес, барлығы да өз атақ дәрежесіне сай балуандар. Соңғы шыққан Ильфир Анваров және қазақ күресінен элем чемпионы Оңтүстік Қазақстан облысының өкілі, белгілі балуан Нұрзат Бекасыловпен кездесу, оларды жеңу мен үшін оңай болмады. Менің өнеріме жанкүйер

болып келген барша көрермендерге айтар алғысым шексіз. Бүгінгі жеңісімді ең бірінші өзімнің қызмет ордам Академияға және жаттықтырушыларым Нұржан Ермағамбетовке, Аркадий Ахметовке және Руслан Таңқыбаев ағаларыма арнаймын. Өйткені сол кісілердің ерен еңбектерінің арқасында бүгінгі бағалы жеңіске жетіп отырмын, - дейді бізге берген сұхбатында ішіндегі сырын жасырмаған Ержан.

Ержанды дүйсенбі күні Академия бастығы, полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов өз орына барларымен академия алаңында арнайы көпшілікпен күтіп алды. Генерал мырза Ержанды осынау жеңісімен құттықтап, шын жүректен басшылық және ағалық тілегін айтып, болашақта бұданда үлкен жетістіктерге жете беруіне тілектестік білдірді. Тіпті өзінің шеберліктерін курсанттарға үйретуден жалықпа деп, нық айтты.

Айтпақшы сөз соңында тағы бір қуанышты жағдай, осы сабантойда жеңіске жеткен Ержан Қазақстан Республикасы белбеу күресінен спорт шебері атағын алды.

Міне, «таудай талап бергенше бармақтай бақ бер» деген осы шығар. Бізде бозкілемнің үстінде бағы жанған Ержан бауырымызға бағың жана берсін демекпіз.

Мейрам ОСПАНОВ, Академияның баспасөз хатшысы Фотоны түсірген Р. СОВЕТҚАЗИН

Қазыналы ардагер

Бүгінгі күндері 90 жасқа толған ішкі істер органында 1945 жылғы 1 ақпаннан 1984 жылғы 21 наурызға дейін қызмет атқарған қазыналы ардагеріміз Данил Айтмұханұлы Надырбаев туралы жастарға айтар ұлағатты жайлар көп.

Әскери өрт сөндіру бөлімінде жауынгерлікпен бастап, 1965 жылғы тамызға дейін қызмет атқарды. Данил Айтмұханұлының соңғы қызметі - орта және кіші басшы құрамды даярлайтын облысаралық мектебінің жедел қызметі пәнінің аға оқытушы лауазымы. Ішкі істер органы қызметінен запасқа 1984 жылғы 21 наурызда шыққан. Данил Айтмұханұлы 1941-1945 жылдардағы «Ұлы отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері», III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Ішкі істер органының ардагері» медальдерімен марапатталған.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер органында 1945 жылдан 1984 жылға дейін адал қызмет еткен ардагеріміз Данил Айтмұханұлы биыл 90 жасқа толды. Өзінің 90 жасына қарамастан, денесі ширақ, жинақы, айтқан сөздері нақты, қазақ тілін және бірнеше тілдерді жақсы меңгерген. Ардагерімізді еш ұмыт қалдырған емеспіз. Оқу орталығында Полиция күніне, Астана күніне, 7

мамыр, 9 мамыр, Тәуелсіздік күні, Қарттар күніне, Ант қабылдауға және т.б. ұйымдастырылған іс-шараларға ардагерімізді шақырып отырамыз. Ол кісі де бір іс-шараға бара алмаймын деп айтқан емес. Соғыс жылдарын көріп, Ішкі істер органында жастарға біраз жылдар білім беріп, талай күш - жігерін қызметке жұмсаған ардагеріміз, өзінің сапта тұрған дағдысын ұмытпаған, үстіне жарасымды нысанды киімін киіп, кеудесіне әрбір жетістігі үшін алған медальдерін толтырып, әлі де қызмет етіп жүрген қызметкердей, ардагеріміздің бойында қуаныш, әрі өмірге деген ризашылығын байқайсың.

Сонымен бірге Данил Айтмұханұлы Оқу орталығында оқып жатқан болашақ полиция қызметкерлерінің сабақтарына, емтихан және сынақтарына қатысып, тәжірибелік көмек көрсетуге келіп, өз кеңесін айтып, тәжірибесімен бөлісіп отырады. Өлең оқитын және ән айтатын, би билейтін де өнері бар. Жас полицейлердің Ант қабылдау рәсімін еш жіберген емес. Арнайы алғашқы оқыту курсындағы тағылымдамашылардың Ант қабылдау рәсімінде ата-аналардың және қонақтардың алдында ол кісіге құттықтау сөзі берілгенде, жас полицейлерге өте мәдениетті, бай тілімен, сауаттылығымен, алдағы қызметтің қиындығын жеңе білуге өзінің өсиетін айтып, олардың бойына жігерлілікті баулытады және қызмет етуге ынталандырады. Өз қызметін



аяғына дейін адал, беделділігін ұстанып келген ардагерден тек қана жақсы қасиеттерді ғана көресің.

Ардагерімізге құрмет көрсеткеніміз жас полицейлерге үлгі болсын деп, былтыр 28 маусымда Данил Айтмұханұлының 89 жасқа толған туған күніне арнайы іс-шара өткізген болатынбыз. Быылда ардагеріміздің 90 жасқа толған мерейтойын Оқу орталығында өткізуді жөн көрдік. Үлкенге, яғни өзіміздің ардагерімізге деген құрмет ретінде туған күнін ерекше мерекеге айналдырдық.

Данил Айтмұханұлы Оқу орталығына өзімен бірге ұлы мен қызын ерте келіпті. Оқу орталығының бастығы полиция подполковнигі Талғат Амангелдіұлы Меңдібаев туған күн ісінесе барлық қызметкерлердің атынан иығына қазақтың ұлттық шапанын жауып, ұлттық домбырамызды сыйға тартып, жақсы лебізін білдірді. Оқу орталығының қабырғасында оқып жатқан тағылымдамашылар өздерінің атынан

сый ретінде концерттік бағдарлама дайындап, ардагерімізге қуаныштарын, жақсы сөздерін, әндерін арнады.

Қостанай облысы ІІД ардагерлер кеңесінің төрағасы, отставкадағы полиция полковнигі Алексей Степанович Лабазов ардагеріміздің Ішкі істер органында аянбай қызмет етіп, өзінің қызметтік жолында жақсы кадрларды дайындап, әлі жастарға үлгі болып келе жатқаны үшін алғысын айтып, туған күнімен құттықтап, денсаулық тіледі. Өрине естелікке суретке түсіп, жан-жақтан құттықтаулар қабылданып жатты.

Іс-шараның соңында құрметті ардагеріміз, туған күн иесі Данил Айтмұханұлы және жақындарын дәстүрлі дастарқанымызға шақырдық.

Г. ДОСТОЯРОВА, ҚР ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қ.) Мемлекеттік тіл және ақпарат тобының инспекторы